

Халықаралық
міндеттемелер қайнар
көздері

Халықаралық міндеттемелер қайнар көздеріне:

- Біржақты актілер және бірлескен мәлімдемелер
- Халықаралық ұйымдар шешімдері
- Халықаралық сот пен квазисоттық органдар шешімдері

Біржақты актілер

Бір немесе бірнеше мемлекеттердің
халықаралық құқыққа сәйкес заңды
салдарды тудыратын ниет білдіруі

(Max Plank Encyclopedia of Public
International Law)

Мемлекеттің біржақты актілері

**Саяси
біржақты
актілер**

**Егеменді
құқықтарды
қолдану
актілер**

**Міндеттемеле
р тудыратын
актілер**

Саяси біржақты актілер

Заңи мәні бар әртүрлі
жағдайларға қатысты
мемлекеттің өз позициясын
жариялау

Саяси біржақты актілер

ТАНУ

**БАС
ТАРТУ**

**ҚАРСЫЛЫ
Қ**

ТАНУ

- МЕМЛЕКЕТ ТӘУЕЛСІЗДІГІН
ТАНУ
- МЕМЛЕКЕТ ШЕКАРАСЫН
ТАНУ
- ҚАНДАЙДА БІР ЖАҒДАЙДЫҢ
ЗАНДЫЛЫҒЫН ТАНУ

ҚАРСЫЛЫҚ

- БАСҚА МЕМЛЕКЕТПЕН ЖАСАЛҒАН БЕЛГІЛІ БІР ӘРЕКЕТТЕРДІ, ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ДЕП ЖАРИЯЛАЙТЫН МЕМЛЕКЕТ АКТІСІ
- *30.01.2016 ЖЫЛЫ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ОҒТҮСТІК-ҚЫТАЙ ТЕҢІЗІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ПАРАСЕЛЬДІК АРАЛДАРЫНА ЖАҚЫНДАҒАН АМЕРИКАНДЫҚ ӘСКЕРИ КЕМЕСІНІҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРДІ.*
- **ДЕМАРШ**

2016 жылы Франция, Италия, Испания, Кипр, Греция және Мальта Брюссель саясатына қарсылық демаршты экономикалық және аймақтық теңсіздікті жою мен біркелкі миграциялық саясатты жүргізу бойынша іс-әрекеттер жоспарын жасады.

БАС ТАРТУ

- МЕМЛЕКЕТТИҢ ӨЗИНІҢ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚҰҚЫҒЫНАН, ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНЕН, ШАҒЫМЫНАН БАС ТАРТУЫ.
 - ДИСМИСЛ

Егеменді құқықтарды қолдану актілері

- Халықаралық құқықпен берілетін құқықтарды қолдануға мүмкіндік береді
- Территориялық теңіз немесе ерекше экономикалық аймақ шекараларын бекіту
- Бейтараптық туралы декларациялар

Міндеттемелер тудыратын біржақты актілер

- 1997 жылдан Халықаралық Құқық Комиссиясы осы сұрақты кодификациялауға тырысты.
- Бүгінгі күні біркелкі акт немесе халықаралық әдет-ғұрыптық норма жоқ

1-қағида

- Міндеттемелерде өзіне жүктеу ниетін білдіретін және жария жасалған мәлімдемелер заңи міндеттемелерді тудыруы мүмкін. Бұл талаптарға сәйкес келетін мәлімдемелер, адалдық қағидасының негізінде міндетті; сәйкесінше мемлекеттер оларды ескере отырып, әрекет етуі мүмкін; осы мемлекеттер мәлімдемелердің орындалуын талап ету құқығына ие.

2-қағида

- Кез келген мемлекет біржақты мәлімдемелер арқылы өзіне міндеттемелер жүктеуге құқылы

3-қағида

- Осындай мәлімдемелердің құқықтық салдарын анықтау үшін олардың мазмұнын, оларды жасаудың фактілік жағдайларын, олардың негізінде туған реакцияны ескеру қажет

4-қағида

• Біржақты мәлімделемер мемлекеттің өкілеттілігі бар билік өкілімен жасалса ғана мемлекет үшін құқықтық міндеттемелер тудырады. Функцияларына байланысты осындай мәлімдемелерді жасауға мемлекет басшысы, үкімет басшысы мен сыртқы істер министрі құқылы. Белгілі бір салаларда мемлекет атынан өкілдік еткен тұлғалар тек осы салаларға қатысты мәлімдемелер жасауға құқылы

5-қағида

- Біржақты
мәлімдемелер ауызша
және жазбаша нысанда
жасалуы мүмкін

6-қағида

- Біржақты мәлімдемелер барлық халықаралық қауымдастыққа, бір немесе бірнеше мемлекеттерге бағытталуы мүмкін

7-қағида

- Анық және деректі тұжырымда жасалған біржақты мәлімдемелер ғана құқықтық міндеттемелер тудыруы мүмкін. Егер міндеттемелер әрекет ету саласы бойынша күмән болса, бұл міндеттемелердің түсіндірілуі шектелмелі болуы қажет. Осы міндеттемелерді түсіндіруде оның мәтіні, контекстісі және жасалу жағдайларын ескеру қажет.

8-қағида

- Императивті нормаларға қайшы келетін мәлімдемелер жарамсыз болып табылады

9-қағида

- Мемлекеттің біржақты мәлімдемелері басқа мемлекеттер үшін міндеттемелер тудыруы мүмкін емес. Алайда басқа мемлекеттер анық түрде келісім беретін жағдайда, осы келісім берінген міндеттемелерді өзіне жүктеуі мүмкін

10-қағида

Міндеттемелер тудыратын біржақты мәлімдемелер мемлекеттің өз бетімен кері қайтарылуы мүмкін емес. Өз бетімен кері қайтаруды анықтау үшін келесі факторларды ескеру қажет:

- 1) кері қайтаруға сәйкес мәлімдеменің нақты тұжырымдамалары;
- 2) міндеттемелер бағытталған субъектілердің осы мәлімдемеге сүйенуі;
- 3) *rebus sic stantibus*

Халықаралық ұйымдар шешімдері

Халықаралық үкіметаралық
ұйымдардың шешімдері құқық
табиғаты ерекше

**СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША ОЛАРДЫҢ
ТАБИҒАТЫ НЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ?**

БҰҰ Бас Ассамблеясының Жарғысына байланысты өкілеттіктері

- БҰҰ мүше-мемлекеттеріне, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне, немесе мүше мемлекеттері мен Қауіпсіздік Кеңесіне бірдей ұсыныс жасау (10 бап)
- «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісіндегі ынтымақтастықтың жалпы қағидаларын қарастыруға уәкілетті <...> және осы қағидалар бойынша ұсыныстар жасау <...>» (11 бап, 1т.)
- «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қатысты кез келген сұрақты талқылауға уәкілетті <... > және осы сұрақтар бойынша мүдделі мемлекеттер немесе мемлекеттерге ұсыныстар жасауға уәкілетті <...>» (11 бап, 2т.).

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттіктері

- Ұйым мүшелері, Жарғыға сәйкес Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне бағынуға міндетті (25 бап)

БҰҰ Халықаралық Сот өкілеттіктері

- «Халықаралық Соттың шешімі істе тарап болып табылатын Ұйым мүшесіне міндетті.» (94 бап, 1т.)

Сот шешімдері

- Халықаралық құқықтық нормалардың тікелей қайнар көзі болып табылмайды
- Дау тараптары үшін ғана міндетті шешім қабылдайды
- Халықаралық норманың мәнін ашуға және норманы түсіндірудің қосымша құрал ретінде қолданылады
- Халықаралық құқықтық жүйеде құқық қайнар көзі ретінде сот прецеденті түсінігі жоқ
- * Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы кәсібилігі жоғары мамандардың доктриналарына қолданылады

